

**Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округінің Глуховка ауылында Жамбыл, Свердлов, Пионерский, Юбилейный көшелеріне шектеу іс- шараларын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 мамырда № 7117 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 9 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округі әкімінің 23.12.2020 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекция басшысының 2020 жылғы 12 мамырдағы № 165 ұсынысы негізінде, Глуховка ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малдан бруцеллез ауруының шығуына байланысты, Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округінің Глуховка ауылында Жамбыл, Свердлов, Пионерский, Юбилейный көшелеріне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді әділет органында мемлекеттік тіркеу;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Бесқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберу;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Бесқарағай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыру қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глуховка ауылдық округінің әкімі*

*А. Тастенбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК